

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
рәміздерінің 30 жылдығына арналған  
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ  
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
*30 наурыз 2022 ж.*

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научной конференции  
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ  
АРХИТЕКТУРА»**  
посвященной 30-летию Государственных символов  
Республики Казахстан.  
*30 марта 2022 г.*

**MATERIALS**  
of the international scientific conference  
**«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»**  
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols  
of the Republic of Kazakhstan.  
*30 March, 2022*

НҰР-СҰЛТАН  
NUR-SULTAN

УДК 001  
ББК 72  
Қ.18

**Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.**

**ISBN 978-601-337-649-3**

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001  
ББК 72**

**ISBN 978-601-337-649-3**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022**

5. Пайлеванян Б. С. Повышение уровня экологической безопасности и энергоэффективности зданий на основе интеллектуальных технологий [Место защиты: Моск. гос. строит. ун-т]: автореф. дис. ... канд. техн. наук: 03.00.16 / Б. С. Пайлеванян. М., 2009. 23 с.
6. Волынский В. Э. Информационно-технологические методы проектирования в архитектурном формообразовании [Место защиты: Моск. архитектур. ин-т]: автореф. дис. ... канд. архитектуры : 05.23.20 / В. Э. Волынский. – М., 2012. – 25 с.
7. Малиновский М. Е. Технологии информационного моделирования в проектных организациях // Альманах мировой науки. 2016. №4-1(7). С. 121-122.
8. Алексеев С. А., Тышкевич А. В., Алексеева А. С., Черныховский Б. А. Актуальность внедрения информационного моделирования зданий в строительство // Научная дискуссия: вопросы технических наук. 2016. №1(31). С. 7-11.
9. Игнатова Е.В., Эльшейх А.М. Составление 4D графика строительства на основе BIM // Естественные и технические науки. 2014. №9-10(77). С. 265-267.
10. Петров М.П. Переход на BIM-технологии в проектировании на примере Autodesk Revit // Модернизация и научные исследования в транспортном комплексе. 2015. №1. С. 447-449.
11. Ильин В.В. BIM-информационное моделирование зданий // АВОК: Вентиляция, отопление, кондиционирование воздуха, теплоснабжение и строительная теплофизика. 2011. №3. С.72-75.
12. Голубин К.С. BIM-революционная технология в сфере проектирования // Сборник Россия молодая. Кемерово: Изд-во Кузбасский государственный технический университет им. Т.Ф.Горбачева, 2015. 574с.
13. Талапов В.В. Технология BIM. Суть и особенности внедрения информационного моделирования зданий. М.: Изд-во ДМК Пресс, 2015. 410 с.
14. Морозов В. С., Орт А. И. Проектирование: от призвания к самообразованию // Санкт- Петербург: Строительство, Технологии, Организация. 2014. № 4. С. 14-15.
15. Чубрик Д. Как правильно начать внедрение BIM, чтобы успешно его закончить // САПР и графика. 2014. №12 (218). С. 26-27.
16. Петров К. С., Панасенко М. В., Бойко Е. А. Проблемы внедрения BIM-технологий на предприятиях строительной отрасли // Строительство и архитектура-2017: материалы международной научно-практической конференции; Донской гос. техн. ун-т.- Ростов-на-Дону: ДГТУ, 2017. С. 135-137
17. Петров К. С., Артюх А. О., Батюков И.С., Демченко Е. В. BIM технологии: как строительная индустрия становится «умнее»// БСТ – Бюллетень строительной техники: – М., 2018. – №7. С.57

## **ӘӨЖ 72.01**

### **ИМИДЖДІ ҒИМАРАТТАРДЫҢ АРХИТЕКТУРАСЫНДАҒЫ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙННЫҢ РӨЛІ**

**Пулатов Б. Ж.**

*bekzatpolatart@gmail.com*

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Сәулет» кафедрасының магистранты.,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Дүйсебаев Ұ. Д.

Нарықтық жағдайда ірі тауар өндірушілер үшін өзін-өзі көрсете білу, таныта білу, көптеген бәсекелестердің ортасында өзін және тауарын айрықша етіп көрсету ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда графикалық дизайн элементтерін қолдана отырып салынған қоғамдық ғимараттар бренд бәсекелестігі үшін үлкен аренаға айналуда. Осы дамып келе жатқан жаңашыл көзқарас, кеңістік дизайнына әсер ететін имиджді ғимараттарды жобалау барысында көптеген пәндердің ынтымақтастығын қажет етеді.

Коммерциялық қоғамдық ғимараттарды жобалауға байланысты имидждік сәйкестікті құруда оның функционалдығын көрсету үшін әртүрлі пәндер мен тиісті аспектілер негізге алынып, тәжірибелер алмасуда.

Технология саласындағы барлық жетістіктермен қатар, халықтың өмір сүру деңгейі мен қажеттіліктері үнемі дамып келеді, нәтижесінде тұтынушылық артып, компаниялар арасында бәсекелестік күшейеді. Осы орайда кәсіпорындар өздерінің қалыптасқан өзіндік имиджін ғимараттардың архитектуралық жобаларымен сәйкестендіреді. Нәтижесінде, бұл тұтынушылардың сұраныстарына әсер етіп, маркетингтік және имидждік қызмет атқарады. Осы алғышарттар ұлттық және халықаралық брендтердің қалыптасуына, табысқа жетуіне жағдай жасап, мүмкіндік берді.

Имидж - адамдардың санасында пайда болатын идеалды объект; ол тікелей өлшеуге жатпайды, оны тек қарым-қатынаста, белсенділікте, таңдауда көрінетін қатынасымен бағалауға болады. Компанияның имиджі компанияның эмоционалды боялған бейнесі ретінде анықталады, көбінесе саналы түрде қалыптасады, мақсатты түрде берілген сипаттамаларға ие және қоғамның белгілі бір топтарына белгілі бір психологиялық әсер етуге арналған.

Дамыған елдерде брендтер осылай өз қалыптасқан имидж арқылы адамдарға әсер ету тәсілдерін ойлап тапты. тиісті кеңістікті құру осы орайда маңызды орын алады. Бұл ғимараттарды жобалауда архитектурамен қатар графикалық дизайн және басқа да пәндерді тиісті факторлармен біріктіруді қажет етеді. Осылайша графикалық дизайн сәулеттік дизайн процесіне енді.

Адамдарға әсер етудің ең тиімді әдісі-көркем көріністермен қызықтыра отырып әсер ету. Қоғамдық ғимараттарда соның ішінде имиджді ғимараттарды корпоративті сәйкестіліктің болуы кеңістіктік дизайнның ұтымдылығын арттырады. Имиджді қалыптастыру көркемдік графикалық аспектілерімен тығыз байланысты. Компаниялар корпоративті имиджді дамытумен айналысқан кезде, олар әдетте өздерінің көркемдік бейнелерін логотип, фирмалық стильдерін, ішкі дизайнын және маркетинг дизайнерін жаңартады. Бұл сәулет дизайнері мен графикалық дизайнердің кездесуі қажет маңызды сәт. Сонымен, мақсат-бұл аспектілерді сәулеттік конфигурацияларда қалай көрінетінін және осындай конфигурацияларда графикалық дизайнның қалай қолданылатынын зерттеу арқылы түсіндіру. Көрнекі имиджді қалыптастыру клиенттердің мекеме жайлы оң пікірлері мен жағымды әсерлерін тудырады.[1]



1-сурет. Таиланд, Аюттаядағы McDonald 's мейрамханасы.

Дұрыс қалыптасқан имидж адамдар санасында сенімділік пен позитивті ойлармен қатар мекеменің қаржылық тұрақтылығының жемісі болып табылады. Сондықтан тиімді имиджді қалыптастыру кезінде дизайнерлер мен сәулетшілер біріге отырып жұмыс атқаруы қажет болады.

Сәулет өнері әрқашанда дизайн ұғымымен тығыз байланысты болғандықтан, шығармашылыққа қатысты дизайнның не екенін есте ұстаған жөн. Дизайн-бұл шығармашылық қызмет. Шығармашылық-бұл жаңа, қызықты, ынталандырушы идеяларды, нысандарды, әдістерді немесе шешімдерді құру әрекеті. Бұл графикалық дизайн мен архитектураның және тақырыпқа тікелей қатысы бар барлық пәндердің сәтті үйлесімін қажет етеді. Графикалық дизайн дегеніміз логотиптер, брошюралар, ақпараттық бюллетеньдер, плакаттар, белгілер ғана емес, бұл- кең қызмет саласы және қазіргі әлемнің ажырамас бөлігі, визуалды тілдің өнері. [2]

Мәдени, әлеуметтік, географиялық, тарихи шекаралардан асып өту үшін корпоративті имидждік сәйкестікті құру және оны үнемі қолдануға тырысу қажет. Әр мекеменің өзіндік сипаты, өзіндік ерекшелігі бар. Алайда, ұзақ тарихы бар болса да, кез-келген мекемелер өзіндік корпоративті имиджін, бренд құндылықтарын қалыптастыра алмаса, олар біртіндеп маңыздылығын жойып, нарықта өз орнын жоғалтады. Жаңашыл болу, ерекшеліктерге ие болу-бұл қазіргі заман талабы.

Мекемелер өзіндік имиджді қалыптастыру мәселесінде стратегиялық шешімдер қабылдауда, Маркетингтік коммуникациялар, графикалық дизайнды және архитектураны қоса алғанда, пәнаралық тұрғыдан қарауға дайын болуы керек. Имиджге тек логотиптер, бланкілер мен белгілер ғана емес, сонымен қатар сәулеттік ғимараттардың келбеті және интерьер дизайнны, коммуникациялар кіреді.

Ғимараттардың архитектурасындағы имиджіне назар аударатын көбіне мол тәжірибесі бар брендтер. Мысал ретінде McDonad's, IKEA, Nike және көптеген танымал брендтерді айтуға болады.



2-сурет. Флоридадағы ИКЕА жиһаз дүкенінің қасбетін панорамалық көрініс

Брендтің көптеген анықтамалары бар, алайда тиімді сипаттама-компанияны немесе компания өнімдерін анықтайтын және оларды бәсекелестерден ерекшелейтін образ. [3]

Тұтынушылық-бұл қоршаған ортаны қалыптастырудағы басым күш, сондықтан ол сәулет өнерінің дамуындағы маңызды факторы болып табылады. Клиенттер, компаниялар, жобаны жасаушылар, сәулетшілер, интерьер дизайнерлер мен графикалық дизайнерлер үшін электрондық коммерция мен жаһандық бәсекелестіктің сын-қатерлеріне жауап бере отырып, имиджді ғимараттарды қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады.



3-сурет. Nike дүкенінің сыртқы көрінісі. Шанхай, Қытай

Ғимараттардағы графикалар элементтер мен мәтіндік элементтер тек көркемдік жағынан ғана емес, олар бизнесті қол жетімді және икемді етеді.

Архитектура кеңістік, пішін, орын және функциялар туралы айтса, ал кешенді сәулеттік Графикалық дизайн ғимараттың функциясын, мақсатын, хабарын баяндайды. [4]

Қазіргі заманғы қала-бұл әрекет етуге, реакция жасауға, өмір сүруге, дамуға және дамуға болатын үлкен күрделі инфрақұрылым екендігі даусыз. Қала бізбен қалай диалог құрып, интерактивті бола алады. Қалалық кеңістіктегі ғимараттардың имиджін қайта құру контекстінде графикалық дизайнның орнын баса айтып өткен жөн. Сондықтан дизайнның теориялық және практикалық зерттеулері, атап айтқанда оның сәулет, урбанизм және информатикамен пәнаралық байланысы маңызды болады.

Графикалық дизайн архитектураны өзгертуді жалғастыруда. Қаланың сыртқы кеңістік дизайнын, кеңсе ғимараттары, мұражайлар, әуежайлар, қоғамдық саябақтар, көпфункционалды кешендер мен ойын-сауық орталықтары сияқты қоршаған ортаның көптеген аспектілері Графикалық дизайн мен сәулет интеграциясының нәтижесінде өзгеріп келеді.

Клиенттің фирмамен кездесуі ғимараттың қасбетінен басталады. Бұл оның бастапқы "қаптамасы". Ол бірінші және ең күшті әсер қалдыруы тиіс. Компанияның имиджі ең алдымен сауда белгісі мен фирмалық түстерді көрсетеді. Маңдайша, терезе жақтаулары мен есіктердің түс гаммасын, әсіресе әйнектің үлкен мөлшерімен байланыстыру ұсынылады. Сонымен қатар ғимараттың функционалдылығы маңызды. Ғимаратқа кіре берісте келуші тез шарлап, өзіне қажет бөлімді, кеңсені немесе қызметкерді таба алатындай барлық нәрсе қарастырылуы керек.

Келтірілген ақпараттарға сүйене отырып Сәулеттік графикалық дизайнды қайта анықтайтын уақыт келді. Еліміздегі қоғамдық ғимараттарға заманауи кешенді графикалық дизайн арқылы, ғимараттарға заман талабына сай, кеңістік дизайнына көрік беретін, тұтынушылардың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететін қажеттіліктерді өтейтіндей, біріңғай имидж беріп, отандық брендтердің экономикалық өсуіне ықпал жасалуы керек.

Архитектура тұрақты, қауіпсіз, сенімді дегенмен біздің әлеміміз тез өзгеруде. Ғасырлар бойы сәулет пен графикалық дизайн бір ортада өмір сүріп келеді, дегенмен әр пәннің өзіндік ерекше тілі бар. Егер оларды біріктіретін болсақ, олар бірегей жеке имидж құруға мүмкіндік беретін мүлдем жаңа сөздік жасайды. Мәдениет пен тарихты баяндайды және қауымдастық сезімін тудырады. [5]

#### **Пайдаланылған әдбиеттер тізімі:**

1. The Role of Graphic Design in Architectural Configuration to Create Institutional Identity. *Ahmet Murat Saymanlier*, Eastern Mediterranean University, Famagusta
2. Графический дизайн. Фирменный стиль, новейшие технологии и креативные идеи, *Элис Туэмлоу*. 2014
3. Дэвид Эйри.: Логотип и фирменный стиль. Руководство дизайнера. 2016
4. It's Time to Redefine "Architectural Graphic Design" *Harry Mark*  
<https://rsmdesign.com/news/its-time-to-redefine-architectural-graphic-design>
5. On the Origins of Architectural Graphics. *Harry Mark*  
<https://rsmdesign.com/news/on-the-origins-of-architectural-graphics>

**УДК 697.9**

### **ОПРЕДЕЛЕНИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ ПД РЕГУЛЯТОРОВ В СИСТЕМАХ КОНДИЦИОНИРОВАНИЯ ВОЗДУХА ГРАЖДАНСКИХ ЗДАНИЙ**

**Мусаева Ж. Ж.**  
[Zhaniya.mussaeva@mail.ru](mailto:Zhaniya.mussaeva@mail.ru)